

	бейнелеу. Жасыл түсті шөптерді бейнелеу. Гүл сабағын бояу тісшұқитімен , саусақпен гулдерді салу(дымқыл сүлгімен қолдарын сүртіп отыру Лавр жапырағын жасыл түспен бояп гүл жапырағын бейнелеу.	
Рефлексивті коррекциялаушы	Педагог балалардың салған суреттерін тексереді, мақтайды, және талдау барысында кімнің шығармашылық қабілеті басым болғанына көңіл аударады.	Балалар салған суреттеріне баға береді.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: жылы және суық түстер реңктерін атай білуді.

Қандай түсініктерді игерді: түстерді сезіну және араластыра білу дағдысын жетілдіруді.

Меңгерген дағдыларды мен іскерліктері: қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалануды.

*Имамалиева Г.Н.,
Аубакирова Т.С.,
Кушмагулова А.К.*

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ МЕН ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ ЖАСТАР АРАСЫНДА САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кіріспе. Бүгінгі күнде жас ұрпақты кезінен дене күштері мен рухани күштері сайма-сай жетіліп, шынығып өсетіндей етіп тәрбиелеу ісін қамтамасыз етуді мемлекетіміз аса маңызды міндеттерің бірі деп санайды. Жас жеткіншектік шақта көптеген қажетті мұқтаждылықтар нақтыланады, мінез – құлықтың саналы дамуы, қоршаған ортамен байланыстылық және т.с.с байқалады. Осындай мұқтаждылықтардың дамуын, осы мезгілдегі, жас жеткеншектердің ортаны тану, өмірдің мәнін іздеу, өзін – өзі ортаға таныта білу сияқты ерекше қабілеттіліктерімен байланыстырады. Өзінің құндылығы мен жеке дербестілігін көрсету процесінде, сонімен қатар, өзін – өзі анықтау мен әрекеттеу нәтижесінде жас адамдардың бойында жауапкершілік, әрекетшілік, тұлға ретінде тани білу секілді сапалық көрсеткіштер қалыптасада.

Оқыту мақсаты. Жалпы білім беру мектептерінде салауатты өмір салтына байланысты талаптарға сәйкес қазақтың ұлттық ойындары қолданылып келеді. ХХ-ғасырдың соңында елдегі балалардың гигиенасы, денсаулығы қауіпті жағдайда екенін мұғалімдер түсіне бастады. Маскүнемділік пен нашақорлыққа қарсы ағарту жұмысында тәжірибелік ұсыныстар шыға бастады. Салауатты өмір салтыбағытында мұғалімдер, ғалымдар балалардың жыныстық тәрбиесі, жас жеткеншектердің психикалық денсаулықтарын сақтау, психофизиологиялық алшақтауды қалыптастыру әдістемелерін іздестіре бастады. Қазақстанның ғалымдары

К.С.Әбішев, К.Д.Ордабаев, А.К.Айтпаев, О.Қыстаубаевтар атап көрсеткендей салауатты өмір салты қоғамның әлеуметтік-саяси жаңаша даму кезеңінде жалпылай білім беретін мектептердегі оқушылар мен жастардың денсаулығын сақтауда басты термин болып табылады.

Оқыту әдістері. Салауатты өмір салты – еңбек ету және демалыс режимдері, тамақтану жүйесі, даму мен шыныту жаттығулары, өз-өзіне және өзгелерге қарым – қатынастық, тұрмыстық, өмірлік мақсаттылықтар. Яғни салауатты өмір салты өте күрделі және жан-жақты ұғым. Оған тек қана медициналық, биологиялық компоненттер ғана кіріп қоймай сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық, психологиялық құрылымдар да кіреді:

- салауатты өмір салты – бұл денсаулыққа байланысты адамның алдына қойған мақсаттарына қол жеткізудің нақты мүмкіндіктері сияқты әртүрлі факторлардың әсері болатын өмір сүру барысында қалыптасқан көзқарастар жүйесі;

- салауатты өмір салты – адамның өзінің өмір сүру деңгейін сол, немесе басқа қырынан жүзеге асыруға мүмкіндік беретін адамның экономикалық, тұрмыстық және оны мәдени жақтарын ұйымдастыру тәсілі;

- салауатты өмір салты – денсаулық туралы белгілі бір әлеуметтік және тарихи көзқарас, сондай-ақ, өмірдегі тәжірибені интеграциялау құралдары мен әдістері;

- салауатты өмір салты – адамның күнделікті өмір сүруінің түрлі тәсілдері, олар организмнің резервтік мүмкіндіктерін нығайтады және адамнан экономикалық және әлеуметтік – психологиялық жағдайларында өзінің іс-әрекетін табысты атқаруды қамтамасыз етеді.

Қазақ халқының спорт түрлері сан алуан және әр түрлі сипатымен ерекшеленеді. Бір спорт түрі жасөспірімнің дене күшінің мол болуына, сымбаттылығына мән берсе, енді бірі ақыл-ойын тәрбиелеп, парасатты, әрі тапқыр болуына жағдай жасайды. Жеке тұлғаның сыртқы келбетінің танылуына ықпал ететін спорт түрлері көптігімен ерекшеленсе, қазақ халқының зияткерлік мәдениетін, жүйрік қиялы мен кең ақылын танытатын ойындары ұлтымыздың көпқырлылығын танытса, халықтың озық ойлары мен салт – дәстүрлерінің ерекшеліктері, жан сырлары мен рухани көрсеткіштерге тұнып тұр. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Қорыта келгенде салт дәстүрлерімізді сақтай отырып әрбір жеке тұлға ұлттық ойындарымызбен шұғылданса елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы Халыққа жолдауындағы бұқаралық спортты дамыту туралы жолдауы орындалар еді [1]. Сонымен қатар педагогикалық тұрғыда айтатын болсақ, еліміздің өмір сүру көрсеткіші айтарлықтай өсіп салауатты өмір салтын ұстанушылар көптеп бой көрсететінін сеніммен айтуға болады. Ал енді, мектепте ұлттық спорт түрлерінің, ойындарының жастардың салауатты өмір салтын дамытудағы орны мен рөлі жөніндегі қазіргі көзқарастарға ғылыми тұрғыда келесі тармақта тоқталамыз.

Ұлттық спорт түрлері мен ойындардың, бұқаралық спорт мерекелері мен жарыстардың негізгі қызметі адамның өмірлік маңызы бар дене және рухани сапаларын жетілдіру басты мұраты болып табылатын спорттық қызметтің ең басты маңызынан келіп шығады. Олардың педагогикалық маңызы кең мағынасындағы тәрбиелеу әдістері мен тәсілдері категориясына жатады. Бұл дегеніміз, қазақтың қазіргі ұлттық спорт түрлері осы спорт түрлерімен және ойындарымен шұғылданатындарға тәрбиелік әсер етуді ұйымдастыру тәсілінің нақты негізі екендігін білдіреді.

Спорт ойындары мен көңіл көтерулер қазақ халқының өмірінде өзінің бұқарашылдығымен үлкен орынға ие болатын. Ойындар мен спорт түрлері экономикалық, саяси және мәдени тұрғыдан артта қалған көшпенді қазақ халқы үшін театрлар мен стадиондардың орнын алмастырды [2.б 12].

Қазақтардың көптеген ұлттық халық ойындары бар: көкпар, бәйге, алты бақан, сақина тастау, соқыр теке, жекпе-жек, ат ойыны, ақ сандық-көк сандық, жорға жарыс, күрес, сайыс және басқалар. Бұл ойындар көбінесе күй сарынымен сүйемелденетін. Тұрмыстық билер де өмірге келген: Қара жорға, Өрмек, Ұршық, Ши орау, Жүн сабау, Саба пісу, тары түю және т.б. [3.б 9].

Дене шынықтыру сабақтарында халықтық педагогика тәсілдерін оқушылармен жұмыс барысында қолдану үшін халықтық спорт және ойын түрлері бойынша арнайы секциялар жұмысын ұйымдастырып, жарыстар өткізу қажет. Ұрпаққа ауысып отырса, олармен бірге қажетті дене және рухани сапалар да, білімдер, біліктіліктер мен дағдылар да ауысып отырған.

Дене тәрбиесінің қазіргі жүйесі дене шынықтыру мен сауықтыру жұмысын, ұлттық спорт түрлері мен ойындардың бай мұрасын, халықтық қолданбалы спорт жаттығуларын балалар мен жастардың дене бітімін дамыту мен жетілдіру жұмысында кеңінен пайдалану жолына түсіп келеді. «Қазіргі өмір ұлттық спорт түрлері мен ойындарды, әсіресе, жоғары әлеуметтік мәдени және рухани күш – қуатқа ие бұқаралық спорт мерекелері мен жарыстарды дамытуға деген жаңа көзқарасты талап етуде» [1.б 4]. Халық ойындары мен дене жаттығуларын жеке тұлғаны тәрбиелеу мен дамыту барысында пайдалану - ертеден келе жатқан құбылыс. Бұл дегеніміз халық ойындары мен дене жаттығулары және онымен байланыстының бәрі халықтың тұрмысындағы түрлі уәждері мен міндеттері бойынша әскери – патриоттық қана емес, сонымен бірге сауықтыру–қолданбалылық бағыттағы маңызға ие.

Ұлттық қозғалмалы ойындарды бүкіл жалпы білім беретін мектептерде кеңінен пайдалану проблемасы көкейкесті мәселелердің бірі. Қазіргі уақытта оқыту мен тәрбиелеу барысында халық ойындарын пайдаланып қана қоймай, патриоттық және интернационалдық тәрбие барысында олардың мүмкіндігін барынша кеңінен пайдалану міндеті қойылып отыр. Қазақ халқы орасан бай мұралар мен мәдени мұраларға ие. Осындай байлық көзі халық ойындары мен ұлттық спорт түрлері болып табылады. Көрнекті қазақ жазушысы М.Әуезов былай деген болатын:

«Біздің халық езі өмір сүрген кезеңдерде көптеген ойын түрлеріне ие болды. Меніңше, Ойынның міндеттері халықтың көңіл-күйін көтеріп, оны көңілін аулау ғана емес, сонымен қатар, оның өзіндік ерекшеліктері де бар». Әуезовтың бұл пікірі теориялық қағидалардан ғана алынған жоқ, ол өмірлік тәжірибеге сүйенеді, былай дейтін себебі ұлы тұлғаның өзі қозғалмалы ойындарға белсенді катысып, өз кезінде Семей қаласындағы «Ярыш» командасының құрамында футбол ойнаған.

Қазақтың көне мәдениеті мен әдебиеті өз бастауын халықтың көңіл көтеретін кештерінен, тойларынан, жиындарынан алғандықтан, көптеген адамдардың көңілінен шықты. Қазақтың халық ойындары мен спорт түрлерінің дамуымен таныса отырып, біз олардың халықтың әлеуметтік-экономикалық өмір жағдайынан келіп шыққандығын, олар адам еңбегінің, әлемді танып білуге деген ұмтылысы мен қиялының көрінісі екендігін аңғарамыз. Қазақтың көне ән-жырлары мен лиро-эпостық шығармаларында халық ойындары, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің небір түрлері кездеседі.

Бұл әндердің басты кейіпкерлері – болашақ отан қорғаушылар, жарыстарда өз күшін көрсете влитын халық батырлары мен жауынгерлері. Олар осында өздерінің табиғи талантын шынықтырды және дамытты. Халық ойындарға үлкен мән бере карады. Халықтың өткені мен бүгінін біріктіретін баға жетпес байлықты бірге ата бабамыз мұра етіп қалдырды. Сондықтан халықтық педагогиканың тәсілдерінің жас ұрпақты тәрбиелеуге пайдаланудың маңызы аса зор болып келеді. Ол оқушының өмірге деген жолын ашып, шығармашылық қабілетін жетілдіре түседі. Қазіргі кезде халықтық педагогика тәсілдеріне деген қызығушылық барған сайын арта түсуде. Оларды барынша мерекелердің, байқаулардың, фестивальдар мен жарыстардың құрамына енгізуде. Жалпы білім беретін мектептерде халықтық педагогика тәсілдерін қолдануға арналған әдістемелік құралдар жарыққа шығуда.

Әрбір халық ғасырлар бойы өзінің ең жақсы деген ойындарын өмірге әкелуі, жетілдірді және сақтай білді. Олар жастарды тәрбиелеуді, әсіресе дене бімін тәрбиелеудің негізгі тәсілдерінің бірі бола білді. Дене тәрбиесі тек соңғы жүз жылдықта ғана бұқаралық сипатқа ие болды, бұған дейін оның орнын еңбек тәрбиесімен қоса үлкен-кішінің бәрі бірдей қатысатын халық ойындары мен жаттығулар алмастыратын еді. Сондықтан әрбір халық өзінің дәстүрлі дене тәрбиесін жетілдіруге, олардың жарасымдылығы мен халықтар арасында кең тарауына ықпал етуге тырысатын, қамқорлық жасайтын. Халықтың қозғалмалы ойындарын талдау барысы осы ойындардың қазіргі сақталған түрінде де қажетті дене сапаларын дамытуға қабілетті екендігін, дене тәрбиесінде белгілі қозғалыстарды жетілдіре алатынын көрсетуде (жүгіру, секіру, нысана көздеу, алысты дәл көздеу, ауыр заттарды көтеру және тағы басқалар).

Әдеттегі жаттығулардан басқа әрбір ойын өзінің тұтастығымен, өзіндік өмір моделімен, адамның адамгершілікті, эстетикалық, еңбек, ақыл-

ой, құқықтық және басқа да сан қырлы мінез-құлқымен ерекшеленеді. Ойынға өз еркімен кірген әрбір қатысушы оның ережелерін орындауға міндеттенеді, ал ол ережелерді халық ғасырлар бойы жетілдіріп, өндей білгендіктен ойынға қатысушалар ол талаптарды жеңіл орындайды және халықтың ойын мәдениеті дәстүріне негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес өз бәсекелестеріне құрметпен қарау тәртібін мүлтіксіз орындайды.

Кез-келген халықтың ойындары еңбек және қоршаған ортамен ғажап дәрежедегі жарасымдылықпен өзара үйлеседі. Әрқашан да рудың кіші өкіліне сол рудың үлкен ағасы, әкесі немесе атасы көмекке келуге әзір. Қай уақыт болсын халықтың жасы үлкен ағалары кішілерге өзінің бай тәжірибесін, әдіскерлігін, ұнайтын нәрсеге деген өз көзқарасын үйретуге тырысқан. Жанды және табиғи тізбек бойынша дәстүрлі ойындар ұрпақтан осылайша, халық ойындары атадан балаға, үлкеннен кішіге берілетін, халық дәстүрлері мен мәдениеті жиынтығының бай мұрасы болып табылды.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.А. Казахстан 2050. Послание Президента страны народу Казахстана// Казахстанская правда, 2012г.
2. Салауатты өмір салты // Валеология, 2015г.-75с
3. Салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі жұмысты белсенді ету // Валеология, 2006г.-85с

Агапкина А.В.

СЦЕНАРИЙ РАЗВЛЕЧЕНИЯ КО ДНЮ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ПОДГОТОВИТЕЛЬНОЙ К ШКОЛЕ ГРУППЕ НА ТЕМУ: «ТРАДИЦИИ И БЫТ КАЗАХСКОГО НАРОДА»

Цель: Дать детям представление о традициях и особенностях казахского народа.

Задачи: Познакомить детей с бытом и традициями казахского народа. Активизировать и развивать речь детей, умение выразительно читать стихи, петь песню на казахском языке, повторять слова: қоржын (дорожная сумка), Өрнек (орнамент, которым украшен қоржын), торсық (сосуд для кумыса, шубата, айрана; сделан из козьей шкуры и напиток остаётся прохладным даже в жару), кесе (пиала для чая), Қасық (деревянная ложка), куман (кувшин для мытья), домбыра (народный казахский инструмент).

Способствовать культурному воспитанию, прививать и воспитывать уважение к культуре казахского народа. Формировать навыки правильной осанки, формировать бережное отношение к своему здоровью.